## Отбасылық-мүліктік жағдайды тексеру актісінің үлгі нысанын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі Бастығының 2024 жылғы 28 ақпандағы № 11-41 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2024 жылғы 29 ақпанда № 34086 болып тіркелді

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 мамырдағы № 814 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметі туралы ереженің 17-тармағының 32) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған отбасылық-мүліктік жағдайды тексеру актісінің үлгі нысаны бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Кадрлық жұмыс, жауынгерлік және арнайы дайындық департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелеуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметінің Бастығы* *С. Исабеков*

2024 жылғы 28 ақпандағы
№ 11-41 Бұйрығымен
бекітілген

## Отбасылық-мүліктік жағдайды тексеру актісінің үлгі нысаны

20___ жылғы "____" ___________

1. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасымен белгіленген отбасылық жағдайға байланысты

____________________________________________________________________

(қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), туған күні)

төмен тұрған лауазымға тағайындау туралы мәселені шешу кезінде мынадай құрамдағы

комиссия:___________________________________________________________

____________________________________________________________________

____________________________________________________________________

оның отбасылық-мүліктік жағдайына тексеру жүргізді.
2. Қызметкер қызмет өткеретін мемлекеттік мекеменің мекенжайы

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

3. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне қашан қабылданды__________________________________________________________

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

4. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік күзет қызметіне қызметке қабылданғанға дейін қайда жұмыс істеген (оқыған)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

(лауазымы, ұйымның атауы көрсетілсін)
5. Өзінің асырауында кімдер бар ____________________________________

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

6. Қызметкердің отбасы құрамы:

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) | Туған күні | Туыстық қатынасы | Тұрғылықты жері |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

7. Қызметкердің отбасы тұрғын үймен қамтамасыз етілуі_________________

_______________________________________________________________________

8. Ата-аналарынан бөлек тұратын ағалары мен әпкелері:

| № р/с | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) | Туған күні | Туыстық қатынасы | Тұрғылықты жері | Денсаулық жағдайы (мүгедектік тобы) | Лауазым, айлық (зейнетақы) мөлшері |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 |

9. "Қазақстан Республикасының арнаулы мемлекеттік органдары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 49-бабы 2-тармағының 2) тармақшасында айқындалған, тексеру нәтижесінде белгіленген отбасы жағдайы (актіге осы жағдайды растайтын құжаттардың көшірмесі қоса беріледі)

_______________________________________________________________________

_______________________________________________________________________

10. Қызметкердің отбасылық-мүліктік жағдайына тексеру жүргізген комиссияның қорытындылары мен ұсыныстары ___________________________________

_______________________________________________________________________

Комиссия мүшелерінің қолы:

_____________________

_________________________

_________________________

20___ жылғы "____" ___________

11. Осы актімен таныстырылған ________________________________________

_______________________________________________________________________

(қызметкердің қолы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда)

20___ жылғы "____" ___________

Ескертпе: отбасылық-мүліктік жағдайды тексеру актісі қызметкердің жеке ісіне тігіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК